

КАЗАКСТАН

12'2013 ЖЕЛТОҚСАН  
ISSN 0234-3599

Ең жаңылар



ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖЕЛІГЕ  
АРБАЛҒАНДАР

2-3 б.

Академиялық  
деректердегі  
алғашқы  
қазақ суретшісі  
хакында

12 б.

Әдемі қартая білген  
Мәриям апа

20-21 б.

Келе жатқан  
жаңа  
жылдарыңызбен!

Бебектерді  
мейіріміне бөлеген

Анар Смакова

Табыл Құлыш

# Оң бесінде кешкен

Исатай-Махамбет көтерілісі кезінде  
емір сүрген ақын  
Алмажан Азаматқызы туралы



Тылсым табиғат құдіретіне табындырысы келе ме, әлде жаратушыга жалындырысы келе ме, әйтегір, дүлей аптал құм жиегінде отырган елді табаға салған бидайдай қуырып құйдіріп барады. Сол жылғы алапат ыстық қара жерді де тілім-тілім етіп жарып жіберген, осыдан 169 жыл бұрын қып-қызып отты жел бразга дейін ұрыпта тұрған-ды. Жайық жақтан кешкі самал емес, өрт шарпығандай біртүрлі қүйік ісі шығатын тәрізді. Сүрқай тірлікке атойлап қымқау қосылған орыс әлділері жер шұрайынан қазақтарды біртіндеп ығыстырып, әлдінің әлсізді басынуы, ажал құштырып тасынуы белең алған кезі-тін. Әумессер тобырлары құдық сұйна бола, жер жағдайына бола, бас жарып, көз шығару гана емес, қанды қырғындарды да салып әбден мезі етулі. Әншейін жіпке тізіп, отбасында құнқілмен тыннатын алакөздік емес, халықтың ертеңін көп қылатында қасірет белгі берді. Үрей үдеді, өлім көбейді. Тебе-төбе молалар қарамы ұлгайды.

Тайталасқа белді бекем буып, ер қаруы - бес қаруды сайлаган тұста таң қылаң бере, күн көкжиекке өрлей түсіп бұлтқа

сіңген кезде ақ боз үдебе сәби дүниеге келді.

- Қыз ғой, қыз, «ырыс алды қыз» деген.

- Мейлі кім болса да, анасының жаны аман қалсын!

- Қыз деп кемсітпе, талай қырғын жорықта Жилембет батырдың дем берушісі болған Есенқызы аманызың кімнен кем болыпты? - дескен туыс-тұвандар киіз үйдің іргесін түріп ақ таңды оятып жатқандай еді. Бұл кезде жындана соққан жел басылайын деген.

- Азамат, сүйінші!

- Қалағаныңды ап, - деген әкесі қуанышты еді.

- Қызың, «әке, атқа мінемін», - деп жатыр.

- Батыр болсын, батыл болсын, іштен шыққан перзентім ғой.

«Батыр болсын» деген сөзді әкесінің аузына құдай салды ма, Алмажан «тұван жерімді, халқымды ерлерше қорғасам арман бар ма» деп ой түйетін еді.

Расында Азамат қызын ер балаларша тәрбиеледі, сымбатты келбет-көрік пен өмір кеңістігіндегі жоғалғанын табатында

көзқарас қалыптастыруды. Экениң бір ауыз сезін анасынан естігені ме, әйтегір, ерке мінез, ақындық жүрекпен:

«Тұван жердің қызы едім, Қадірім бастан көтпеген.

Тепкісін көріп көпірдің,

Атқа қондым сертпенен» деген жүрек шымырларат асқақ үн бірте-бірте қалыптастып, замандастынан алағ шыға берді. Түсінде шошыса анасы қылышпен ұшықтап емдеді, басына қанжар жастады, босағадағы болат тағага тағым етіп, дұғасын оқыды.

Ауырса тұван жердің жеті түрлі шебінің қосласына шомылдыруды. Қыз ғой деп үстінен қызылжасылды киім, әшекейлерді жолата қоймады, бір түсті күйімді бойына жарастыруды. Пендені тіміскіләйтін тіл-көзді жебенің ұшымен жасқап жүрді. Ана мейірі қабагына кірбін түсірген жок, өмір есігін өкінішсіз ашып, бақытты болуын жатса-тұрса тіледі. Ақын қыздың балаң кездің өзінде жүрек үні қараңғылықты жарып шығып:

# Танымал тұлғалар



Жамандықты күтпеп өм,  
Жастықтың албырт  
шагында.  
Атқа қондым сертпенен,  
Үстемдікке бағынбай.  
Бұл дүниеде тірі өлім,  
Кісіге кісі табынган  
Ісі түсіп наданға,  
Көзін сатып жалынған, - деген өлең жолдары бойын билеп,  
онын асқақтатып, қиялын  
көкке көтергендей болды ма  
екен? Өршил ақын Махамбет  
қасиетіне еліктеді ме?

Алмажан жасынан бәйгеге  
түсті, қызың қуу, көкпар тарту  
сынды ұлттық өнерлерде де  
ерекше алғырлығымен та-  
нылды. Он беске жетпей-ақ  
ел қорғаны болар ерлерше  
тастуғын боп, қыран келбетті  
таныта бастады.

Дамыл көрмей, жан ұшыраң  
еziлгендер Еділ, Жайық бойына  
орыстардың жаптай қоныстана  
бастағанына өліспей беріспеуге  
бекінүл. Тағаты таусылған  
қалың топтың жүрек уні:

Үстемдікті талқандау,  
Халықтың болды арманы.

Қылп-қысқа мына жалғанда,  
Еркіндік еді алмағы.  
Зіл-батпандай ауырлық,  
Патшаның езгі салмағы.  
Күнкөрістен айырып,  
Байлықты түгел жалмады.  
Жогалғандай құндылық,  
Хан билігі аумалы.  
Алакездік жындылық,  
Әзәзіл ойлы жауыздар,  
Жігерді тұрды құм қылып.  
Атқа қонған қалың қол,  
Кек алууды үн қылып.  
Исатай бастап барады,  
Еркіндікті жыр қылып, - деген  
алмас қылыштай өткір сөздер  
халық күйін шертті. 1836-37  
жылдардағы Исатай Тайма-  
нов басқараган казақ халқының  
ұлан-байтақ жері ушін азаттық  
согысына Алмажанның әкесі  
Азамат та қызымен бірге  
қатысты. Алмажаның ертіп  
шикі жас ұлы Төрежанның  
маңдайынан сүйіп, шиыршық  
атып, ақ тілекпен аттанды.  
Хан өзінің қолшоқтары  
болған би төрелерге мүлік  
есебінен жерді бөлшектеп  
үлестіргенге қалай көнсін.

Хан сарайындағы Балқы  
сықылды ұлт сатқындары  
Еділ бойына орыстардың кала  
салуын қуанышпен қабылдап,  
қара халықты орыстың  
армиялық күшімен өзіп-жаншуға  
от тұтатып, Жәңгірдің  
колтығына су бүркіт отырды.  
Тарихи есепте отыз мыңдай  
үйдің сексен мыңдай халқы  
болғанға ұқсайды. Солардың  
көбі - жер-суымен гана күнкөріс  
еткен қаратабан шаруалар.  
Исатай-Махамбет бастаған  
көтерілішілердің қылышы  
қынабынан сұрылғанша  
таудың тасындағы бір мың  
қолы болыпты. Ал, хан  
Жәңгір мен орыс әскерінің  
саны төрт мыңдан асып  
жығылышты. Патшаның  
керегесін шайқалтқан көтеріліс  
қырғынында төгілген қанга  
ханың ақылы жетпеді ме,  
әлде сүс көрсетіп тәж-тақтың  
беделін арттырығыс келді ме,  
әлде құзғын көмейге түсемін  
пайда ма, немесе жанындағы  
жексүріндардың айтактауы  
ма, оған төрелік беру - біздің  
шаруамыз емес. Әйтіеүір, қан  
қақсатып кедей-көпшіктің жерін  
тартып алғандар да, қанға  
қолын малғандар да қабірінде  
тек жатты деймісің. «Көрінде  
өкіргір» деген халық қарғысы  
тұқым-тұқыяның оңдырыбы  
деймісің. Жазықсыздардың киелі  
қаны көтерілмей тұрмайды,  
зұлымдықты оңдырымайды.  
Пенденің адап жолмен өсіп-  
өнүне қастандықты Жаратқан  
кешірмейді. Кінәліні тамұх  
отына итере салады. Оны шел  
басқан көз түсіне ме? Мыныда  
іблістің айтагы тұрады...

Байлыққа, қанауга, талауга,  
қырып-жоюға қымсынбайтын,  
айылын жимайтын албасты  
билер Исатай көтерілісінде  
қаза тапқан Азаматтың да от-  
басын ойрандайды. Ерін жоқтап  
еziлген Азаматтың жары  
өзегіне түсken қайыдан көз  
жұмады. Жеті жасар Төрежан  
мен он бес жасар Алмажанның  
мал-мұлқін билер талап алады.  
Оны Алмажан «Жетім қызы» поэ-  
масында бывайша суреттейді.

«Бұлбұлым ұшып кеткен соң,

# Танымал тұлғалар

жарықтан шығып тап болдым,  
Қараңы түман түндерге, қас  
ақымақ болмасаң, өлімге неге  
кулесін,

Қайдан білдің, тоғызың би, бола-  
рын неден қазаңың?

Қадірсіз қызың мен болсам,  
алдына келсін балаңың.

Қызыл тілім сау болса,  
асықпай жүр, тоғызың би,

Басыңды бір тығармын,  
артына өлген анаңың»  
деген өлең жолдары  
қараңы түнді жарып өткен

наизағайда болса керек.  
Батырлық, өкемтік, кектілік,  
қатығездікке кешірімсіздік

поэмалың өн бойында жібектің  
тініндегі берік қиуласқан.

Адуын қүшкө мойынсұнбай,  
Исатайдың жорығынан тәлім

алып, Махамбеттің алмас  
қылыш жүзіндегі өлеңінің мән-  
магынасымен суарылып, бо-

латтай қайнаң піскен жолдар  
«Алтын зер салсам жарасар,  
қара мауыт жағаға, арғымақ

жексем жарасар, күймелі  
күміс шанаға, әке, өзің кет-  
кен соң, атаңа нәлеть тоғызы

би, қызылы сөнбей сәуленін,  
жетімге келіп қол салып,  
дұшпанга қойды табаға», -

деп тәгіліп тұрган ыза-кек,  
батырлық туын сөнбейтін  
жарық жұлдыздай көтерер

еді. Кейбір жасық жандай  
саяғы сыйып, бүгежектеп  
тірліктен түнілу поэмада

мұлдем жоқ. Аңсаған асқақ  
ғасырларға көтептін арман  
бар, ел қорғанына әлі жаар-

мын деген үшкір қиял бар,  
сарыла сагынган еркіндікке қол  
жеткіземін деген болаттай

берік үміт бар, қантөгістен

титықтап, қалжырагандықты

әрбір өлең жолы байқатпайды.

“Дегеніме келгенше, мекен

етіп тұрмадым адыра қалған

Нарында “мен” деген қазақ

баласы, келешегі артық деуши

едім кешегі әкем барында»

деп ақ жауындағы ерлік жолын

өлеңмен тәгіл-тәгіл өтсе,

он бес жасының өзінде аса

талантың Қазақ аспанында

тағы бір айы тұванын сипат-

тайды.

Қайғымен басы дал болған

Алмажан суга кеткен тал

қармайтында “зұлымдықты

тоқтатар Жәнгір хан” деп  
жеті жастағы інісі Тережанды  
ертіп жаяу-жалпы жолға  
шығады. Азапты сапар  
әрбір минуты қауіп-қатерлі  
ауырлықпен арпалысып хан  
сарайна келсе, билері “Ханға  
кірем десен, пара бер?” - деп  
жетімді алқымынан алады.  
Оны ақын тілімен былай-  
ша жеткізеді. “Келіп едім  
данқымен, Жәнгір ханның  
құзырына, қундіз-түні барсан  
да, есігім бар кең деген.  
Қалай еді билері, арызга  
келген жетімді, жібермей  
жолдан тоқтатып “паран  
болса, бер дегени! - Қоя бер,  
билер жөніме, қалжыңдасып  
тұратын, үйіндеңі женге емен”  
- деп жырлаганы жүрөгінді  
тырнап өтеді. Сонау та-  
рих койнауындағы Жәнгір  
заманындағы әлсізге деген  
зұлымдық, қысастық, бүгінгі  
нарық жендептері қымылында  
қайталаңып отыр.

Әкім не басшыға кіру  
үшін, жетім-жесірлер мұн-  
шерін айтып тілек етейін  
десе қаншама оққағарлар,  
өңменін итеріп түсін  
сүсітып, ызгар шашады.

Темір сандықтың ішінде  
отырғандай сымактарына  
тегін жолаптайды. Жәнгір  
хан, мыңдаған адамның қаны  
төгілгіне себепші болуының  
қасиремі өз алдына, жетім-  
жесір, әлсіздердің көз жасың  
арқалады. Бұл қылмысы ол  
думиеде алдынан шықлады  
даймісің? Қарғыс алғаның  
тұқымы жуадай солма-  
ды даймісің? Жетімдерін  
жұбатудың орнына зар  
қақсатқан билер қайбір бүйірі  
шығып, мұратына жетті  
дайсің. Ажал жеткенде  
шыңырағанын естігендер  
«жан дауысы шықты» деген  
сөз қалдыраған болар.

“Ханға жақындағы қарасы  
жұгады, биге жақындағы  
пәлесі жұгады”, деген ацы  
сөз сол сұрапыл жылдардағы  
түнілуден қалды ма екен?  
Ханнан әділдік күтемін деген  
Алмажаның бір зұлымнан  
құтыла алмай басына  
қара төнгендей кезде, хан  
сарайндағы билердің қара

жүректігі түнілдірмей қайтеді.  
Асқақ ақын қыз: “Қараша құс  
мекендер, қарагай-қайың тал  
басын, әкекем, өзің кеткесін,  
атаңа нәлеть тоғызы би, ұмытып  
кетті-ау, Алласын”, - деуі  
адам тағдырын шыбын құрлы  
көрмейтін қанішер жауыздықты  
Жаратушының жазасына тап-  
сырады. Торықкан жүректің  
жұбануына демеуші болаібық  
демейді, көрісінше қаскөй,  
зұлымдық үелері әлсіздің  
тағдырын ойыншық өтеді. Соны  
түсінген Тережан қарап тұрмай:

Алатай, әне, күн шықты,  
Уреймен сонша тұншықтым.

Мына жерде қансорғыш,

Пара сұрап жын шықты,

Тез кетелік, ел қарасына

жетелік, - деп тақылдап еди.

Оны Алмажаның өлеңдері

Күн сөнгенише тұрарын мензеген

Алла аузына салғаны ма еді.

Әйттеуір, қара түнекті серпіл

күн шығарына пендөнің үміті

үзілмейді. Үміт, сенім дегенін

ажалдан кейін өлсе керек.

Алмажан Азаматқызы Иса-  
тай - Махамбет көтерілісінің  
женіліске үшырап, одан тірі  
қалғандарының азапты өмірін  
осылай баяндаған екен.

Алмажаның “Жетім қыз”  
поэмасынан басқа да көптеген  
шығармалары болылты. Ел  
аузында да, жазбаша сақталған  
өлең-жырлары күні кешеге дейін  
келіпті деседі. Бірақ, Орын-  
бор мұрагаттарын ақтарып  
еркіндік аңсаған курескер қыздың  
еңбегін іздел жарыққа шығарып  
жанаширлық көрсету жағы  
жоқтың қасы, - деген Орынбор  
қаласындағы “Айқап” газетінің  
редакторы, ақын Аяған Нұрман:

“Оян, қазақ, ойлан қазақ, аз емес  
кой көрген азап, жан-жаяғынан

жаулар қамап, тартыс етті

қаншама ұзак”, - деп сөз соңында

таклақтата жөнелген еді.

“Қазақ поэзиясының

қайталаңбас ақ алмасы”

делінетін Махамбеттің

ізбасарларының бірі Алмажан

Азаматқызының он бесінде

от кешіп жүріп айтқан, жазаң

мұн-шері, тәгілген өлең-

жырлары бүгінгі үрпақта қазақ

ұлттым дегізетін, қанатты-

да, қайратты жігер беретін,

жаныңды үйітатын өшпес

өнеге. Ерліктің құйма шындығы.

Астана – Орынбор - Астана